

«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін ХҚЕС сәйкес қаржылық есептілік және тәуелсіз аудиторлардың есебі

Мазмұны

Бет

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікті дайындау және бекіту үшін жауапкершілік туралы басшылықтың мәлімдемесі	3
Тәуелсіз аудиторлардың есебі	4-6
2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілік:	
Қаржылық жағдай туралы есеп	7
Пайда мен шығындар және өзге жиынтық табыс туралы есеп	8
Ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есеп	9
Капиталдағы өзгерістер туралы есеп	10
Қаржылық есептілікке ескертпелер	11-49

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікті дайындау және бекіту үшін жауапкершілік туралы басшылықтың мәлімдемесі

Басшылық «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» Акционерлік қоғамының (бұдан әрі - «Қор») 2017 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайын, оның қызмет нәтижелерін, ақшалай қаражат қозғалысын және осы күні аяқталатын жыл үшін капиталдағы өзгерістерді дұрыс көрсететін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі - «ХҚЕС») сәйкес қаржылық есептілікті дайындау үшін жауапты.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық келесіге жауапты:

- Есептік саясатты дұрыс таңдауды және қағидаларды қолдануды қамтамасыз ету;
- Ақпаратты ұсыну, соның ішінде есептік саясат туралы деректерді осындай ақпараттың орындылығын, дұрыстығын, салыстырмалығын және түсініктілігін қамтамасыз ететін түрде ұсыну;
- ХҚЕС талаптарын орындау қандай да бір келісімдер, сонымен қатар оқиғалар немесе жағдайлар қаржылық жағдайға және Қор қызметінің қаржылық нәтижелеріне әсер ететін өрекеттің пайдаланушылар үшін есептілікті түсінуге жеткіліксіз болған кезде қосымша ақпаратты ашу; және
- қордың жақын арадағы келешекте қызметін жалғастыру қабілеттілігін бағалау.

Басшылық сол сияқты келесіге жауапты болады:

- Қордағы ішкі бақылау жүйесін жетілдіру, енгізу және тиімді әрі сенімді қызмет етуін қамтамасыз ету;
- Кез келген уақытта Қордың қаржылық жағдайы туралы ақпаратты жеткілікті дәрежеде ашуға және түсіндіруге мүмкіндік беретін түрде есеп жүргізуге, және қаржылық есептеменің ХҚЕС талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету;
- Бухгалтерлік есептемені Қазақстан Республикасының заңнамасына және есептілік стандарттарға сәйкес жүргізу;
- Қор активтерінің сақталуын қамтамасыз ету үшін өз құзыретінің шегінде шаралар қабылдау; және
- Қаржылық және өзге қиянаттарды анықтау және алдын алу.



Когулов Бакыт Бектурганович
Қордың Төрағасы



Пичитаева Айман Айткалиевна
Бас бухгалтер

2018 жылғы 28 ақпан
Алматы қ., Қазақстан



Тел.: +7 727 331 31 34
Факс: +7 727 331 31 35
info@bdokz.com
www.bdokz.com

Tel: +7 727 331 31 34
Fax: +7 727 331 31 35
info@bdokz.com
www.bdokz.com

ТОО "BDO Kazakhstan"
ул. Габдуллина, 6
Алматы, Казахстан
A15H4E3

BDO Kazakhstan LLP
6 Gabdullin Street
Almaty, Kazakhstan
A15H4E3

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

"Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры" АҚ Акционеріне және Басшылығына

Аудит нәтижелері бойынша қорытынды

Пікір

Біз "Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры" АҚ (бұдан әрі - "Қор") 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдайы туралы есептіліктен, капиталдағы өзгерістер туралы есептіліктен және осы күні аяқталатын жыл үшін ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есептіліктен, сонымен қатар есеп саясатының негізгі ережелерін қысқаша шолудан және басқа түсініктеме ескертпелерден тұратын есептілігінің аудитін жүргіздік.

Біздің ойымызша, тіркеліп отырған қаржылық есептілік 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша барлық маңызды аспектілерде Қордың қаржылық жағдайын, сонымен қатар оның қызмет ету қаржылық нәтижелері, осы күні аяқталатын жыл үшін ақшалай қаражаттардың қозғалысын Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес көрсетеді

Пікірді білдіруге негіз

Біз аудитті Халықаралық аудит стандартына сәйкес жүргіздік. Біздің міндеттеріміз осы стандарттарға сәйкес әрі қарай біздің қорытындымыздың «Аудиттің қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі» бөлімінде анық сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған әдептің халықаралық стандарттары жөніндегі кеңес кәсіби бухгалтерлердің Әдеп кодексіне (БӘХС Кодексі) және Қазақстандағы қаржылық есептілік аудитіне қолданылатын әдеп талаптарына сәйкес Қорға қатысты тәуелсізбіз, және бізбен осы талаптарға және Бухгалтерлерге арналған әдептің халықаралық стандарттары жөніндегі кеңес кәсіби бухгалтерлердің Әдеп кодексіне сәйкес өзге әдеп міндеттер орындалды. Бізбен алынған аудиторлық дәлелдер жеткілікті және біздің пікірімізді білдіру үшін негіз болуға лайық деп есептейміз.

Ұжымдық басқару, қаржылық есептілік үшін жауапты болып табылатын басшылық пен тұлғалардың жауапкершілігі

Қор басшылығы ХҚЕС сәйкес аталған қаржылық есептемесін дайындау мен оның дұрыстығы үшін және басшылық қаржылық есептемесін дайындау үшін қажетті деп санайтын, жауапсыз әрекеттер немесе қателіктер салдарынан маңызды ауытқулары жоқ ішкі бақылау жүйесі үшін жауапты болып табылады.

Қаржылық есептемесін дайындау кезінде басшылық Қордың үздіксіз қызметін жалғастыру қабілеттілігін бағалау үшін, үздіксіз қызмет етуге қатысты мәліметтердің сәйкес жағдайын ашу үшін, және басшылық Қорды жоюға, оның қызметін тоқтатуға немесе онда жою мен қызметті тоқтатудан басқа қандай да бір өзге нақты балама жоқ болған кезде ниеттенген жағдайлардан басқа қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдар негізінде есепті құрастыру үшін жауапты болып табылады.

Ұжымдық басқаруға жауапты тұлғалар Қордың қаржылық есептемесін дайындауды қадағалау үшін жауапты болып табылады.

Аудитордың қаржылық есептемесінің аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз, қаржылық есептемесінде және біздің пікірімізден тұратын аудиторлық қорытынды баспасында жауапсыз әрекеттер немесе қателіктер салдарынан маңызды ауытқулар жоқ деген қисынды сенімді алудан тұрады. Қисынды сенім сенімнің жоғарғы дәрежесін көрсетеді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит үнемі маңызды ауытқулар бар болған жағдайда оларды толық көрсетеді деген кепіл бере алмайды. Ауытқулар жауапсыз әрекеттер немесе қателіктер нәтижесі болуы мүмкін және олар жеке немесе бірігіп, осы қаржылық есептеме негізінде қабылданатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер ете алады деп негіздеп болжауға мүмкіндік болса, маңызды деп саналады.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит аясында біз кәсіби пікірді қолданамыз және аудит кезінде кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Сонымен қатар біз келесіні орындаймыз:

- Жауапсыз әрекеттер немесе қателіктер салдарынан қаржылық есептеменің маңызды ауытқуларын анықтаймыз және тәуекелдерін бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық жосықтарды жетілдіреміз және дайындаймыз; біздің пікірімізді білдіру үшін негіз болу үшін жеткілікті және тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Жауапсыз әрекеттер нәтижесінде маңызды ауытқуды анықтамау тәуекелі қателік нәтижесіндегі маңызды ауытқуды анықтамау тәуекелінен жоғары, өйткені жауапсыз әрекеттер келісімнен, алдаудан, қасақана өткізуден, ақпаратты бұрмалап ұсынумен немесе ішкі бақылау жүйесінен тыс әрекеттерден тұруы мүмкін;
- мақсаты Қордың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді айту емес, жағдайларға сәйкес аудиторлық жосықтарды жетілдіру мақсатында аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесінің түсінігін аламыз;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және бухгалтерлік бағалардың негізділігін және басшылықпен дайындалған ақпаратты сәйкес ашуды бағалаймыз;
- басшылықпен қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдарды қабылдау құқыққа сәйкестілігі туралы тұжырым жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдемелер негізінде - нәтижесінде Қордың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілеттілігінің маңызды күмәні пайда болатын оқиғалар немесе жағдайларға байланысты маңызды тұрлаусыздық бар ма деген тұжырым жасаймыз. Егер біз маңызды тұрлаусыздықтың бар болуы туралы тұжырымға келсек, біз өзіміздің аудиторлық қорытындымызға қаржылық есептемедегі ақпаратты сәйкес ашылуына назар аудартуымыз қажет, немесе егер ақпаратты осылай ашу тиісті болса, ойымызды түрлендіруіміз қажет. Біздің тұжырымдарымыз біздің аудиторлық қорытынды күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдемелерге негізделген. Алайда келешек оқиғалар немесе жағдайлар Қор өзінің үздіксіз қызметін жалғастыру қабілеттілігін жоғалтуға келтіруі мүмкін;
- жалпы қаржылық есептемесін, оның құрылымы мен мазмұнын, соның ішінде ақпаратты ашу, сонымен қатар қаржылық есептемеде оның негізіндегі операциялар мен оқиғалар оларды толық ұсыну қамтылатындай көрсететіндігін бағалаймыз.

ескертулер туралы, соның ішінде біз аудит барысында анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің маңызды кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізіп, ақпараттық өрекет жасаймыз.

Нәтижелері бойынша тәуелсіз аудитордың осы қорытындысы шығарылған аудитті жүргізу үшін жауапты жобаның жетекшісі, - Ирина Литвинчик.

  Ирина Литвинчик
ҚР аудиторларын аттестаттау бойынша
Біліктілік комиссиямен 22.12.2014 ж. берілген
№0000223 Аудитордың біліктілік куәлігі

«BDO Kazakhstan» ЖШС

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржылық
бақылау комитетінің аудиторлық қызметпен
айналысуға берілген 2015 жылғы 19 ақпандағы
№15003448 мемлекеттік лицензиясы.

 Омаров Т.А
«BDO Kazakhstan» ЖШС директоры

Алматы қ.,

28 ақпан 2018 жыл

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ» АҚ

Қаржылық жағдай туралы есептілік (мың Қазақстандық теңгемен)

	ескертпе	31 желтоқсан 2017 жыл	31 желтоқсан 2016 жыл
АКТИВТЕР:			
Ақшалай қаражат және оның баламалары	5,17	176,839,706	64,459,519
Сату үшін қолда бар құнды қағаздар	6,17	506,377,544	514,593,725
Дебиторлық қарыз	7,17	5,538,770	3,638,133
Өзге активтер	8,17	963,862	959,934
БАРЛЫҚ АКТИВТЕР		689,719,882	583,651,311
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ:			
МІНДЕТТЕМЕЛЕР:			
Өзге міндеттемелер	9,17	93,398	614,843
Барлық міндеттемелер		93,398	614,843
КАПИТАЛ:			
Жарғылық капитал	10	235,794,400	214,358,600
Эмиссиялық табыс		6	-
Сату үшін қолда бар құнды қағаздар тапшылығы		(32,418,847)	(44,067,323)
Резервтік капитал		2,143,586	1,948,716
Орналастырудың арнайы резерві	19	459,135,686	395,247,203
Таратылмаған пайда		24,971,653	15,549,272
Барлық капитал		689,626,484	583,036,468
БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ		689,719,882	583,651,311

Қор басшылығының атынан:

Когулов Б.Б.
Қордың Төрағасы

28 ақпан 2018 ж.



Пичитаева А.А.
Бас бухгалтер

11-49 беттегі ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажыратылмас бөлігі болып табылады

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ» АҚ

Пайда және шығын және өзге жиынтық табыс туралы есептілік (мың Қазақстандық теңгемен)

	ескертпе	31 желтоқсан 2017 жыл	31 желтоқсан 2016 жыл
Пайыздық табыс	11,17	39,153,257	33,532,694
Қатысушы-банктердің жарналарынан және тарату комиссиясының түсімдерінен түскен табыс	12	35,363,538	36,088,893
Таратылған банктердің депозиттерін өтеу бойынша шығындар	12	(29,457)	(14,322)
Шетелдік валюта бойынша операциялар бойынша таза шығын	13	(379,454)	(2,810,391)
Өзге табыс/(шығындар)		71	9
ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ ЕМЕС ТАБЫС		34,954,698	33,264,189
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ШЫҒЫНДАР	14,17	(603,310)	(593,824)
САЛЫҚ САЛУҒА ДЕЙІНГІ ПАЙДА		73,504,645	66,203,059
Пайдаға салық салу бойынша шығын	15,17	1,089	(1,179,216)
ТАЗА ПАЙДА		73,505,734	65,023,843
Қатысушы-банктердің жарналарынан және тарату комиссиясының өтеу резервіне түсімдерінен түскен таза пайданы міндетті тарату арнайы резервке орналастыру комиссиясы		(35,334,081)	(36,074,571)
МІНДЕТТІ ТАРАТУДАН КЕЙІНГІ ТАЗА ПАЙДА		38,171,653	28,949,272
ӨЗГЕ ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС/(ШЫҒЫН)			
Пайда мен шығындар құрамына жіктелетін баптар:			
Салықты шегергеннен кейін сату үшін қолдағы бар құнды қағаздарды әділ құн бойынша қайта бағалаудың таза шығыны - нөл теңге		11,648,476	(24,556,122)
ӨЗГЕ ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС		11,648,476	(24,556,122)
БАРЛЫҚ ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС		49,820,129	4,393,150

Қор басшылығының атынан:

Когулов Б.Б.
Қордың Төрағасы



Пичитаева А.А.
Бас бухгалтер

28 ақпан 2018 ж.

11-49 беттегі ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажыратылмас бөлігі болып табылады

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ» АҚ

Ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есептілік (мың Қазақстандық теңгемен)

	ескертпе	31 желтоқсан 2017 жыл	31 желтоқсан 2016 жыл
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:			
Міндетті күнтізбелік жарналардың түсуі		32,684,326	33,610,381
Мәжбүрлеп жойылған банктің тарату комиссиясынан түсімдер	12	240,000	697,646
Орналасырылған салымдар бойынша түсімдер		9,640,824	10,920,615
Сату үшін құнды қағаздар бойынша алынған сыйақы		24,213,815	20,531,272
"кері РЕПО" операциялары бойынша алынған сыйақы	11	65,942	318,985
Өзге түсімдер		146,410	251,597
Жеткізушілерге тауарлар мен қызметтер үшін төлемдер		(182,486)	(183,699)
Иссапарлық шығындар бойынша төлемдер		(11,139)	(8,688)
Еңбекақы бойынша төлемдер		(305,509)	(287,390)
Басқа салықтар және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдер		(96,635)	(103,617)
Жойылатын банктің депозиттерді өтеу бойынша төлемдер		(30,671)	(14,322)
Өзге төлемдер		(689)	(6,457)
Операциялық қызметтен түсетін ақшалай қаражаттың таза ағымы		66,364,188	65,726,323
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТАРДЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:			
Қолдағы сатылымға арналған құнды қағаздарды өтеуден түскен түсім		619,485,047	294,151,950
Қолдағы сатылымға арналған құнды қағаздарды сатып алу		(594,904,848)	(394,463,458)
Негізгі құралдарды сатып алу		-	(13,176)
Материалдық емес активтерді сатып алу		-	(5,492)
Инвестициялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың таза (жылыстауы)/түсімі		24,580,199	(100,330,176)
ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:			
Қарапайым акциялар шығару	10	21,435,800	19,487,000
Қаржылық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың таза түсімі		21,435,800	19,487,000
АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫН ТАЗА (АЗАЙТУ)/АРТТЫРУ		112,380,187	(15,116,853)
Ақшалай қаражат және оның баламаларына шетелдік валюта бағамы өзгерісінің әсері		-	-
АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ, жылдың басында	5	64,459,519	79,576,372
АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ, жылдың соңында	5	176,839,706	64,459,519

Қор басшылығының атынан:

Когулов Б.Б.
Қордың Төрағасы

28 ақпан 2018 ж.




Пичитаева А.А.
Бас бухгалтер

11-49 беттегі ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажыратылмас бөлігі болып табылады

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ» АҚ

Капиталдағы өзгерістер туралы есептілік (мың Қазақстандық теңгемен)

	ескертпе	Жарғылық капитал	Сатылымға бар құнды қағаздарды қайта бағалау тапшылығы	Резервтік капитал	Өтеудің арнайы резерві	Таратылмаған пайда	Жиыны
31 желтоқсан 2015 жыл		194,871,600	(19,511, 201)	1,771,560	270,056,516	75,893,272	523,081,747
Міндетті таратудан кейінгі таза пайда		-	-	-	-	-	-
Өзге жиынтық шығын		-	-	-	-	28 949 272	28,949,272
Қарапайым акциялар шығару	10	19 487 000	(24,556,122)	-	-	-	(24,556,122)
Резервтік капиталға ауыстыру		-	-	-	-	-	(19,487,000)
Өтеудің арнайы резервін қалыптастыру		-	-	177,156	-	-	-
Қатысушы-банктердің жарналарынан		-	-	-	-	(177,156)	-
таза табысты міндетті тарату	12	-	-	-	89,116,116	(89,116,116)	-
"Валют-Тразит Банк" АҚ		-	-	-	-	-	-
салымшыларына төлемдер	12	-	-	-	36,088,893	-	36,088,893
31 желтоқсан 2016 жыл		214,358,600	(44,067,323)	1,948,716	392,247,203	15,549,272	(14,322)
Міндетті таратудан кейінгі таза пайда		-	-	-	-	-	-
Меншік иелеріне жарналар		6	-	-	-	38,171,653	583,036,468
Өзге жиынтық табыс		-	-	-	-	-	38,171,653
Қарапайым акциялар шығару	10	21,435,800	11,648,476	-	-	-	6
Резервтік капиталға ауыстыру		-	-	-	-	-	11,648,476
Өтеудің арнайы резервін қалыптастыру		-	-	194,870	-	-	21,435,800
Қатысушы-банктердің жарналарынан		-	-	-	-	(194,870)	-
таза табысты міндетті тарату	12	-	-	-	28,554,402	(28,554,402)	-
"Валют-Тразит Банк" АҚ		-	-	-	-	-	-
салымшыларына төлемдер	12	-	-	-	35,363,538	-	35,363,538
31 желтоқсан 2017 жыл		235,794,406	(32,418,847)	2,143,586	459,135,686	24,971,653	(29,457)
							689,626,484

Қор басшылығының атынан:

Қогулов Б.Б.
Қордың Төрағасы
28 ақпан 2018 ж.

Пичитаева А.А.
Бас бухгалтер

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ» АҚ

31 желтоқсан 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікке ескертпелер

Мың қазақстандық теңгемен

1. Ұйым

«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ (бұдан әрі - «Қор») Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі (бұдан әрі - «ҚРҰБ») Басқармасының 1999 ж. 15 қарашадағы №393 Қаулысы негізінде құрылған.

Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы № 30190-193-АҚ куәлік Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Алматы қаласы бойынша Әділет департаментімен 2010 ж. 24 қыркүйекте берілген. Қорды бастапқы тіркеу күні 1999 ж. 20 желтоқсан. Қорға қоғамның орналасқан жері өзгеруіне байланысты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігімен алынған куәлікке сәйкес №2979-193-06-АҚ жаңа тіркеу нөмірі берілді.

Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігімен Қорға 1999 ж. 22 желтоқсандағы КҰЖЖ 39097277 мемлекеттік жіктеу бойынша код берілді.

Қазақстан Республикасы Салық төлеушінің 1999 жылғы 23 желтоқсандағы №115737, сериясы 60 куәлігі Алматы қаласы Бостандық ауданы бойынша Салық комитетімен берілді. Қорға БСН 991240000414 берілді.

Қордың 2015 жылғы 13 қаңтардағы №11 ҰБ шартына сәйкес Қордың қаржылық активтерін жауапты сақтау және сенімді басқару бойынша қызметтер Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен орындалады.

«Құнды қағаздардың біріңғай тізілімі» АҚ - 2012 жылғы 5 желтоқсаннан бастап Қордың тіркеушісі болып табылады. Тіркеушінің құнды қағаздар тізілімінің жүйесін жүргізу бойынша қызметі «Құнды қағаздар нарығы туралы» заңға 2011 жылғы 28 желтоқсанда енгізілген өзгерістерге байланысты уәкілетті органмен лицензиялауға жатпайды.

Қор өз қызметінде Қазақстан Республикасының Ата заңымен, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексімен, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы», «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы», «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналасқан депозиттерді міндетті кепілдендіру туралы», «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы», «Қаржылық нарықты және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы» заңдарды, Қазақстан Республикасының өзге нормативтік құқықтық актілерін, Жарғыны, Қордың Акционері және Директорлар кеңесінің шешімдерін басшылыққа алады.

Міндеттер және Функциялар

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналасқан депозиттерді міндетті кепілдендіру туралы» 2006 ж. 7 шілдедегі Заңына сәйкес Қордың негізгі міндеттеріне келесілер жатады:

- Қазақстан Республикасы қаржылық жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету;
- Біріктіру шарты бойынша қатысушы болып табылатын қатысушы-банкті мәжбүрлеп жойған жағдайда кепілденген депозиттер салымшаларының құқықтары мен заңды мүддесін қорғау*.

Осы міндеттерді орындай отырып, Қор банктік жүйеге сенімді қолдауға ықпал етеді.

*Қосылу шарты - ережелері депозиттерді міндетті кепілдендірумен айналысатын және жүйеге кіретін барлық банктер үшін стандартты болып табылатын ұйыммен анықталатын депозиттерді міндетті кепілдендіру жүйесіне қосылу шарты.

Қордың негізгі қызметіне жатады:

- Депозиттерді міндетті кепілдендіру жүйесіндегі мәжбүрлеп жойылған қатысушы-банкнің депозитші-жеке тұлғаларға кепілді өтеуді төлеу;

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ» АҚ

31 желтоқсан 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікке ескертпелер

Мың қазақстандық теңгемен

1. Ұйым, жалғасы

- Кепілді өтеуді төлеу үшін арналған арнайы резервті қалыптастыру;
- Инвестициялық табысты алу мақсатында түрлі қаржылық құралдарға жеке активтерді салу;
- Депозиттерді кепілдендіру жүйесінің қатысушы-банктерімен міндетті түрде орындалатын қосылу Шарттарының ережелерін және өзге нормативтік актілерді орындауды анықтау;
- Депозиттерді кепілдендіру жүйесінің қатысушы-банктерін тоқтату мерзімінде, сонымен қатар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен барлық банктік операцияларды жүргізуге лицензиядан айырғаннан кейін тағайындалған уақытша әкімшілік құрамында қатысу;
- мәжбүрлеп таратылатын банктің тарату комиссиясының және мәжбүрлеп таратылатын қатысушы-банктің кредиторлар комитетінің құрамына және басқаға қатысу.

Қордың филиалдары және өкілдіктері жоқ.

Жалғыз акционер Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тұлғасындағы Қазақстан Республикасы (бұдан әрі - «Мемлекет») болып табылады.

Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Достық даңғылы, №136 үй, «Пионер-3» БО (8-қабат).

Нақты орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Достық даңғылы, №136 үй, «Пионер-3» БО (8-қабат).

Қордың осы қаржылық есептілігі Қор Басшылығымен 2018 жылғы 28 ақпанда бекітілді.

2. Есептік саясаттың негізгі қағидалары

Сәйкестік туралы мәлімдеме

Осы қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес дайындалған,

Осы қаржылық есептілік Қор жақын арадағы келешекте өз қызметін жалғастырады деген болжаммен дайындалды.

Аталған қаржылық есептілік басқа айтылмаса мың Қазақстандық теңгемен (бұдан әрі - «тыс. теңге») ұсынылған.

Осы қаржылық есептілік төменде айтылғанда әр есептілік күнге қайта бағалау құны немесе әділ құн бойынша ескерілетін кейбір негізгі құралдар мен қаржылық құралдардан басқа тарихи құн бойынша қағидаларға сәйкес дайындалды.

Тарихи құн әдетте тауар мен қызметтердің орнына табысталған сыйақының әділ құны негізінде анықталады.

Әділ құн активті сату кезінде алынған немесе осындай баға бағалаудың басқа әдісін қолдану жолымен алынған немесе тікелей бақыланатынына қарамастан бағалау күнінде нарық қатысушыларының арасында жасалған әдеттегі келісім аясында міндеттемені табыстау кезінде төленген бағаны көрсетеді. Актив немесе міндеттеменің әділ құнын бағалау кезінде Қор актив немесе міндеттеменің сипаттамаларын ескереді, егер нарық қатысушылары актив немесе міндеттеменің бағасын бағалау күнінде осындай сипаттамаларды ескерсе.

Әділ құн бойынша бағалауды жүргізу үшін және/немесе әділ құнды бағалауға қатысты ақпаратты ашу үшін осы қаржылық есептіліктегі әділ құн ХҚЕС (IAS) 17 қатысты лизинг операцияларынан, сонымен қатар әділ құнмен салыстырылатын бағалардан басқа, бірақ бұл ретте әділ құн болып

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ» АҚ

31 желтоқсан 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікке ескертпелер

Мың қазақстандық теңгемен

2. Есептік саясаттың негізгі қағидалары, жалғасы

табылатын, мысалы, ХҚЕС (IAS) 2 мүмкін іске асырудың таза құны немесе ХҚЕС (IAS) 36 пайдалану құндылығы болып табылатын жоғарыда аталған әдіспен анықталады.

Сонымен қатар қаржылық есептілікті дайындау мақсатында әділ құнды бағалау әділ құн сатысы негізінде жіктеледі (1, 2 немесе 3 деңгей). Деңгейлер нарық деректері негізіндегі әділ құнды тікелей анықтау мүмкіндігіне сәйкес келеді және әділ құнды жалпы бағалау кезінде қолданылған бастапқы деректердің мәнін көрсетеді:

- 1-деңгейдің бастапқы деректері бағалау күнінде Қорға рұқсат етілген бірдей активтер немесе міндеттемелердің белсенді нарықтарында түзетуді талап етпейтін белгілеу болып табылады;
- 2- деңгейдің бастапқы деректері 1-деңгей үшін анықталған, бірақ тікелей немесе жанама түрде актив немесе міндеттемелер нарығында байқалмайтын белгілеу болып табылмайды; және
- 3- деңгейдің бастапқы деректері актив немесе міндеттеме бойынша бақыланбайтын бастапқы деректер болып табылады.

Қаржылық жағдай туралы есептілік күнінен (қысқа мерзімді) кейін 12 ай бойы және қаржылық жағдай туралы есептілік күнінен (ұзақ мерзімді) кейін 12 айдан артық уақыт бойы өтеу немесе орнына келтіру бойынша деректерді бөлу 20-ескертпеде ұсынылған.

Функционалдық валюта

Қордың қаржылық есептілігіне кірген баптар кәсіпорын қызмет ететін бастапқы экономикалық ортаның валютасымен («функционалдық валюта») өлшенеді. Қордың функционалдық валютасы Қазақстандық теңге болып табылады. Осы Қордың қаржылық есептілігін ұсыну валютасы теңге болып табылады. Барлық мәндер бүтін мың теңгеге дейін дөңгелектенген, егер өзге көрсетілмесе.

Өзара есепке алу

Қаржылық актив және қаржылық міндеттеме ескеріледі, және қаржылық жағдай туралы есептілікте сальдолы сома көрсетіледі, тек қана Қор баланста танылған сомаларды есепке алуды орындауға бекітілген заңды құқығы болса және сальдолы сома бойынша есеп жасауға, немесе активті сатуға және міндеттемені бір уақытта орындауға ниеттенсе. Табыс пен шығын пайда немесе шығындар туралы есептілікте және өзге жиынтық табыс туралы есепте өзара есепке алынбайды, егер бухгалтерлік есепке алу стандартымен немесе сәйкес интерпретациямен талап етілсе немесе рұқсат етілсе, бұл ретте осындай жағдайлар жеке Қордың есептік саясатында ашылады.

Табысты тану

Пайыздық табысты және шығынды тану

Қаржылық активтер бойынша пайыздық табыстар танылады, егер Қор экономикалық пайда алады деген ықтималдық жоғары болса және табыс шамасы нақты анықталса. Пайыздық табыстар мен шығындар есептеу қағидасы бойынша көрсетіледі және тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі - бұл қаржылық актив немесе міндеттеме (немесе қаржылық активтер тобы/қаржылық міндеттемелер тобы) амортизацияланған құнын есептеуден, сонымен қатар пайыздық табыс немесе пайыздық шығынды сәйкес мерзімге жатқызудан тұратын әдіс.

Тиімді пайыздық мөлшерлеме — бұл қарыз құралын есепке алуға қабылдау кезінде баланстық құнға дейін қысқа мерзімде қарыз құралын өтеуге дейін немесе (осы қолданылса) күтілетін мерзімге күтілетін келешектегі ақшалай түсімдерді дисконттау мөлшерлемесі (соның ішінде пайыздың тиімді мөлшерлемесінің ажыратылмас бөлігі болып табылатын қарыз құралы бойынша барлық

2. Есептік саясаттың негізгі қағидалары, жалғасы

алынған немесе өндірістік төлемдер, келісімді рәсімдеу бойынша шығындар және өзге сыйақылар немесе дисконттар).

Егер қаржылық актив немесе бір текті қаржылық активтердің тобы құнсыздану нәтижесінде шығысқа шығарылса (ішінара шығысқа шығарылса) пайыздық табыс құнсыздану шығындарын есептеу мақсатында келешектегі ақшалай ағындарды дисконттау үшін қолданылатын пайыздық мөлшерлемені ескерумен анықталады.

Пайда немесе шығын арқылы өділ құн бойынша бағаланатын активтер бойынша алынған пайыздар пайыздық табыс ретінде жіктеледі.

Қатысушы-банктердің жарналарынан түскен таза табыс және мәжбүрлеп таратылатын банктің тарату комиссиясынан түскен түсім

Қосыла шартының ережелеріне сәйкес қатысушы-банк төлеген жарналар қайтаруға жатпайды.

2007 жылғы 1 қаңтардан бастап Қор қатысушы-банктер санаттарға жіктелетін және оларға тәуекел мен қаржылық тұрақтылықтың бағаланған деңгейіне байланысты рейтингтер берілетін дифференциалдау мөлшерлеме жүйесін енгізді. Рейтингі төмен банктер жарналарды үлкен мөлшерде аударады, өйткені оларға тәуекелдің жоғарғы деңгейі төн. Тәуекел деңгейі төмен банк жарналарды азайтылған мөлшерде аударады. Қаржылық көрсеткіштерді, тәуекелдерді бағалау және рейтингтер беруді талдау үшін Қор «БАТА» АЖ бағдарламалық жасақтаманы пайдаланады.

«БАТА» АЖ Қормен жіктеу топтарын және қатысушы-банктердің міндетті күнтізбелік жарналарының сәйкес дифференциалдық мөлшерлемелерін анықтау үшін ғана емес, кепілденген өтеуді төлеу үшін Қордағы арнайы резервтің жеткілікті деңгейін анықтау кезінде қатысушы-банктердің дефолт ықтималдылығын баламалы бағалау үшін қолданылады. Белгіленген заңнамалық талаптарға сәйкес қатысушы-банктердің міндетті күнтізбелік жарналары тоқсан сайын төленеді.

Міндетті күнтізбелік жарналар бойынша табыс Қормен алдыңғы тоқсан үшін банк -қатысушылардың тиісті жарналар сомасы есептеу үшін негіз болып табылатын өздігінен жасалған тоқсан сайынғы есептік бағалар мөлшерінде танылады.

Қатысушы-банктерден есептік тоқсаннан кейінгі айдың бірінші күнінде алынған мәліметтер негізінде Қормен есептік тоқсаннан кейінгі ай бойы алдыңғы тоқсан үшін міндетті күнтізбелік жарналар бойынша табысты реттеу орындалады.

Қатысушы-банктердің жарналарынан және мәжбүрлеп таратылатын банктің тарату комиссиясынан түскен түсімнің таза табыс Қормен таратылған Банктердің депозиттерін кепілді өтеу бойынша төлем шығындарын шегерумен жоғарыда аталған табыстар болып табылады.

РЕПО және кері РЕПО шарттары бойынша табысты тану

Жоғарыда аталған құралдарды сатудан түскен пайда/шығындар тиімді пайыздық мөлшерлеме өдісін қолданумен ағымдағы есептелген қайта сатып алу бағасы мен үшінші тараптарға осындай құралдарды сату бағасының арасындағы айырмашылықтарға қарап пайда мен шығын және өзге жиынтық табыс туралы есептіліктегі пайыздық табыс немесе шығын ретінде танылады.

Кері РЕПО/РЕПО операциясы бастапқы жағдайларда орындалған кезде бастапқы шарт аясында келісілген сату бағасы мен кері сату бағасы арасындағы айырмашылық түріндегі тиімді пайда/пайыз тиімді пайыздық мөлшерлемені өдісін қолданумен танылады.

Қаржы құралдарын тану және бағалау

Қаржылық активтер және қаржылық міндеттемелер Қор сәйкес қаржы құралына қатысты шарт бойынша тараптың бірі болып табылған кезде Қордың қаржылық жағдайы туралы есептілікте көрсетіледі. Қор есеп күні бойынша қаржылық активтер мен міндеттемелерді сатып алу және

2. Есептік саясатының негізгі қағидалары, жалғасы

сатудың тұрақты сипатын көрсетеді. Сатып алу немесе сату бойынша стандартты келісімдер нормативтік актілермен немесе нарық саясатымен белгіленген мерзімде активтерді жеткізуді талап ететін қаржылық активтерді сатып алу немесе сату болып табылады.

Қаржылық активтер және қаржылық міндеттемелер ең алдымен әділ құн бойынша бағаланады. Транзакциялық шығындар тікелей қаржылық активтерді және қаржылық міндеттемелерді (пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша көрсетілетін қаржылық активтер және қаржылық міндеттемелерден басқа) сатып алуға немесе шығаруға байланысты сәйкесінше бастапқы тану кезінде қаржылық активтер және қаржылық міндеттемелердің әділ құнын арттырады немесе азайтады. Пайда немесе шығын арқылы пайда немесе шығынға тікелей қатысты әділ құн бойынша көрсетілетін қаржылық активтерді немесе қаржылық міндеттемелерді сатып алуға тікелей қатысты транзакциялық шығындар.

Қаржылық активтер

Қаржы активтері келесі дәреже бойынша жіктеледі: сату үшін қолда бар («СҰҚБ»); сонымен қатар қарыз және дебиторлық берешек. Қаржылық активтерді бір классқа қатысты ету оларды сатып алу ерекшеліктеріне және мақсатына байланысты және оларды есепке қабылдау кезінде орындалады.

Сату үшін қолда бар инвестициялар

СҰҚБ дәрежелі қаржылық активтер сату үшін қолда бар деп анықталған немесе (а) қарыз және дебиторлық берешек, (б) өтеуге дейін ұсталатын қаржы салымдары, (в) пайда немесе шығын бойынша әділ құн бойынша көрсетілетін қаржы активтері ретінде жіктелмеген туынды емес қаржы активтері болып табылады.

Ұйымдастырылған нарықта айналатын акциялар мен шұғыл облигациялар СҰҚБ ретінде жіктеледі және әділ құн бойынша көрсетіледі. Әділ құнды өзгерту нәтижесінде туындаған табыс және шығын пайда немесе шығында танылатын тиімді пайыздық мөлшерлеме, дивидендтік табыс және баламалы айырмалар әдісі бойынша есептелген пайыздық табыстың тұрақты сипаты бар құнсыздану жағдайларынан басқа кезде қордың инвестицияларды қайта бағалау құрамындағы өзге жиынтық табыста танылады. Қаржылық актив шыққанда немесе құнсызданғанда инвестицияларды қайта бағалау қорында бұрын танылған жиналған табыс немесе шығындар шығу немесе құнсыздану мерзімінде пайда және шығында көрсетіледі.

СҰҚБ дәрежелі шетелдік валютадағы ақшалай активтердің әділ құны сол валютада анықталады және есептік күнде айырбастау бағамы бойынша қайта саналады. Пайда немесе шығынға қатысты баламалы айырмалар ақшалай активтің амортизациялық құнынан анықталады. Өзге баламалы айырмалар өзге жиынтық табыста танылады.

Белсенді нарықта белгілеусіз және әділ құны сенімді бағаланған СҰҚБ дәрежелі үлестік құнды қағаздарға салымдар әр есептік мерзімнің соңында анықталған құнсыздану шығындарын шегеруден кейін өзіндік құн бойынша көрсетіледі.

Құнды қағаздар бойынша РЕПО шарттары және кері РЕПО шарттары

Қор өз қызметін орындау барысында сату және қайта сатып алу туралы келісімдер (бұдан әрі - «РЕПО шарттары»), сонымен қатар қаржылық активтерді сатып алу және қайта сату туралы келісімдер (бұдан әрі - «Кері РЕПО шарттары») жасасады. РЕПО және кері РЕПО операциялары Қормен таратуды басқарудың бір құралы ретінде қолданылады.

РЕПО келісімдері - бұл бір қаржылық активті басқа тарапқа ақшалай немесе өзге сыйақыға алынған ақшалай немесе өзге сыйақы, плюс жиналған пайызға баламалы келешектегі сомадағы қаржылық активтерді кері сатып алудың бір уақыттық міндеттемесі бар келісімдер. РЕПО шарттары бойынша операциялар қаржыландыру операциялары ретінде есепке алуда көрсетіледі. РЕПО шарттары бойынша сатылған қаржылық активтер қаржылық есептілікте көрсетіле береді, ал осындай

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ» АҚ

31 желтоқсан 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікке ескертпелер

Мың қазақстандық теңгемен

2. Есептік саясаттың негізгі қағидалары, жалғасы

келісімдер бойынша алынған құралдар активтердің кепілімен қамтамасыз етілген алынған депозит ретінде көрсетіледі.

Кері РЕПО шарттары бойынша сатып алынған активтер қаржылық есептілікте құнды қағаздар немесе өзге активтердің кепілімен қамтамасыз етілген депозиттерде орналастырылған құралдар ретінде көрсетіледі, және клиенттерге ұсынылған банктердегі құралдар және/немесе қарыз және қаржы ретінде жіктеледі.

Қор өдеттегі нарық саясатына сәйкес қамтамасыз ету алатын немесе табыстайтын құнды қағаздармен келісімдер және құнды қағаздар бойынша РЕПО шарттарын жасасады. ҚР және ТМД басқа елдерінде кері сатып алу операцияларының стандартты ережелеріне сәйкес қамтамасыз етуді алушы келісім бойынша баламалы құнды қағаздарды қайтару жағдайында қамтамасыз етуді сатуға немесе қайта кепілге қоюға құқылы.

Құнды қағаздарды контрагенттерге табыстау меншік құқығымен байланысты тәуекелдер және пайда сол сияқты берілген жағдайда қаржылық жағдай туралы есепте көрсетіледі.

Қаржылық активтердің құнсыздануы

Қаржылық активтер әр есептік мерзімнің соңында құнсыздануға бағаланады. Қаржылық активтер қаржылық активтерді есепке қабылдаудан кейін орын алған бір немесе бірнеше оқиғалар нәтижесінде актив бойынша болжамды келешектегі ақшалай ағындарды азайту туралы куәландыратын объективті мәліметтер болғанда құнсызданды деп есептеледі.

Өзге қаржылық активтер бойынша құнсызданудың объективті куәсі келесі бола алады:

- эмитент немесе контрагенттің маңызды қаржылық қиындықтары; немесе
- шартты бұзу, мысалы қарыздың негізгі сомасын немесе пайыздарын төлеуден бас тарту немесе жалтару; немесе
- қарыз алушы банкроттығының немесе қаржылық қайта ұйымдастырудың жоғарғы ықтималдығы; немесе
- қаржылық қиындықтар салдарынан осы қаржылық актив үшін белсенді нарықтың жоғалуы.

Жеке құнсызданған деп танылмаған дебиторлық берешек, активтер, қаржылық активтердің жеке дәрежелері портфель бойынша жалпы құнсыздануға бағаланады. Дебиторлық берешектің құнын төмендетудің объективті белгісіне Қарыздың қарызды өтеп алу бойынша бұрынғы тәжірибесі, қарызды өтеу кезіндегі шығындар санының артуы, сонымен қатар төлемдер бойынша дефолтпен сүйемелденетін ұлттық және жергілікті экономикадағы айқын өзгерістер жатады.

Амортизацияланған құн бойынша есепке алынатын қаржылық активтер үшін құнсыздану шығынының шамасы қаржылық актив бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені қолданумен дисконтталған болжамды келешек ақшалай ағындардың ағымдағы құны мен баланстық құн арасындағы айырма ретінде есептеледі.

Сатып алу құны бойынша қаржылық активтер үшін құнсыздану шығыны ұқсас қаржы актив үшін ағымдағы нарықтық пайыздық мөлшерлемені қолданумен дисконтталған болжамды келешек ақшалай ағындардың ағымдағы құны мен баланстық құн арасындағы айырма ретінде есептеледі.

Құнсыздану шығыны құнын резервті құру есебінен төмендетілетін дебиторлық берешектен басқа барлық қаржы активтерінің баланстық құнын тікелей азайтады. «Сенімсіз» тану жағдайында дебиторлық қарызды резерв есебінен кредиттейді. Бұрын шешілген сомаларды өтеу салдарынан алынған резерв шотын кредиттейді. Резервтің өзгерістері пайда немесе шығындарда көрсетіледі.

Егер СҰҚБ дәрежедегі қаржылық актив құнсызданды деп танылса, өзге жиынтық табыста жиналған шығындар немесе табыс пайда немесе шығын құрамына ауыстырылады.

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ» АҚ

31 желтоқсан 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікке ескертпелер

Мың қазақстандық теңгемен

2. Есептік саясаттың негізгі қағидалары, жалғасы

Егер кейінгі мерзімде амортизацияланған құн бойынша ескерілетін қаржылық активті құнсыздану шығының мөлшері азайса, және осындай азайту құнсыздануды танудан кейін орын алған оқиғаға объективті байланысты болса, онда құнсызданудан бұрын көрсетілген шығын пайда немесе шығындар есебі арқылы орнына келеді. Бұл ретте қаржылық активтердің құнсыздану шығынын қалпына келтіру күнінде құнсыздану танылмаған жағдайда көрсетілетін амортизациялық құннан аспауы тиіс.

Бұрын пайда немесе шығында көрсетілген СҰҚБ дәрежедегі үлестік құнсыздану қағаздарын құнсыздану шығындары қалпына келтірілмейді. Осындай активтердің әділ құнын құнсыздану шығындарын танығаннан кейін кез келген арттыру тікелей жиынтық табыста көрсетіледі және қордың инвестицияларды қайта бағалау бабы бойынша жиналады.

СҰҚБ дәрежедегі қарыздық құнды қағаздарға қатысты құнсыздану шығындары кейін пайда немесе шығын арқылы қалпына келеді, егер қаржылық салымдардың әділ құнын арттыру құнсызданы шығынын танудан кейін орын алған оқиғаға объективті танылса.

Қаржылық активтерді тануды тоқтату

Қор қаржылық активтерді тануды олар бойынша ақшалай ағындарға шарттық құқықтар тоқтаған жағдайда немесе қаржылық актив және сәйкес тәуекелдерді басқа тарапқа табыстаған жағдайда тоқтатады. Егер Қор активке ие болудың барлық негізгі тәуекелдерін және пайданы табыстамаса және сақтамаса және табысталған активті бақылауды жалғастырса, онда ол осы активтегі өз үлесін және онымен сәйкес сомаларды төлеу бойынша мүмкін болатын міндеттемелерді көрсетуі тиіс. Егер Қор табысталған қаржылық активке ие болудан барлық тәуекелдер мен пайданы сақтап қалса, ол аталған қаржылық активті есепке алуды жалғастырады, ал құралды табыстау кезінде алынған қаржыны қамтамасыз етілген қарыз түрінде көрсетеді.

Қаржылық активті толық шығысқа шығарға кезде активтің баланстық құны және алынған және сыйақы алуға тиесілі сома арасындағы айырма, сонымен қатар өзге жиынтық табыста танылған және капиталда жиналған жиынтық пайда немесе шығын пайда немесе шығынға жатады.

Егер қаржылық активті тану толық тоқтатылмаса (мысалы, Қор табысталған активті сатып алу мүмкіндігін сақтап қалса), Қор аталған қаржылық активтің алдыңғы баланстық құнын ол жалғасқан қатысу аясында тануды тоқтатпаған бөлігі арасында, және ол енді танымайтын бөлік арасындағы баланстық құнды, табыстау кезінде осы бөліктердің әділ құнының салыстырмалы мәндеріне қарай таратады.

Баланстық құн, шығысқа шығарылатын бөлікке таратылған, және шығысқа таратылатын бөлік үшін алынған сыйақы сомасы арасындағы айырма, сонымен қатар өзге жиынтық табыста танылған кез келген жиналған таратылған пайда немесе шығын пайда немесе шығынға жатады. Өзге жиынтық табыста танылған табыс немесе шығыстар сол сияқты ұстап қалатын және шығысқа шығатын бөліктердің әділ құнына пропорционал таратылады.

Қарыз және дебиторлық берешек

Белсенді нарықта белгіленбейтін бекітілген немесе анықталған төлемдермен туынды емес қаржы активтер болып табылады. Бастапқы бағалаудан кейін қарыз және дебиторлық берешек құнсызданумен резервтен шегеруден кейін тиімді пайыз мөлшерлемесін қолданумен амортизациялық құн бойынша есепке алынады. Амортизациялық құн сатып алу кезінде пайда болған жеңілдіктер немесе сыйақыларды ескерумен есептеледі, және пайыздық тиімді мөлшерлемесінің ажыратылмас бөлігі болып табылатын комиссиялық төлемдерден, және келісімді жасау шығындарынан тұрады. Пайыздың тиімді мөлшерлемесін қолдану негізіндегі амортизация пайда немесе шығындардағы мерзімде қаржыландыру табыстарының құрамына кіреді. Құнсызданумен байланысты шығындар мерзімдегі пайда немесе шығындарда көрсетіледі. Активті тануды тоқтату кезінде туындаған табыстар және шығыстар пайда немесе шығында көрсетіледі.

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ» АҚ

31 желтоқсан 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікке ескертпелер

Мың қазақстандық теңгемен

2. Есептік саясаттың негізгі қағидалары , жалғасы

Жеке тұлғалардың депозиттерін кепілдендіру жүйесінің қатысушы-банктері салған міндетті күнтізбелік жарналар бойынша дебиторлық берешек Қормен алдыңғы тоқсан үшін қатысушы-банктермен салуға жататын сома есептеу үшін негіз болып табылатын өздігінен жасалған тоқсан сайынғы есептік бағалар мөлшерінде танылады.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналасқан жеке тұлғалардың депозиттерін міндетті кепілдендіру туралы» Заңының ережелеріне сәйкес қатысушы-банкпен төленетін жарналар мөлшері және тәртібі депозиттерді кепілдендіруді жүзеге асыратын басқару ұйымының органымен анықталады. «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ Директорлар кеңесінің 2006 жылғы 30 қазандағы № 32 хаттамасы бойынша шешіміне сәйкес Қосылу шартының (бұдан әрі - Қосылу шарты) ережелеріне сәйкес Қатысушы-банк Қорға есептік тоқсаннан кейінгі айдың он бесінші жұлдызына дейінгі мерзімде міндетті күнтізбелік жарналарды төлеуге міндеттенеді.

Алуға жарналар мөлшері міндетті күнтізбелік жарнаның мөлшерлемесін есептік тоқсаннан кейінгі айдың бірінші күніндегі жағдай бойынша банк-қатысушының балық кепілденген депозиттерінің жалпы сомасына қолдану жолымен анықталады.

Есептік тоқсаннан кейінгі айдың бірінші күніндегі қатысушы-банктерден алынған мәліметтер негізінде Қормен есептік тоқсаннан кейінгі ай бойы алдыңғы тоқсан үшін алынатын жарналар мөлшерін реттеу жасалады. Қор тоқсан сайын берілген біліктілік тобы және жарналар мөлшерін анықтайды және Қатысушы-банктерге хабарлайды, ал Банктер өздігінен міндетті күнтізбелік жарналарды аударады, өз кезегінде Қорға қатысушы-банктердің міндеттемелерін орындау мерзімділігі мен дұрыстығын бақылау қызметі жүктелген.

Өзге қаржылық міндеттемелер

Өзге қаржылық міндеттемелер ең алдымен транзакциялық шығындарды шегеруден кейін өділ құн бойынша есепте көрсетіледі.

Әрі қарай өзге қаржылық міндеттемелер амортизациялық құн бойынша бағаланады. Пайыздық шығын тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолданумен есептеледі.

Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі қаржылық міндеттеменің амортизациялық құнын есептеу және сәйкес мерзімде пайыздық шығындарды тарату үшін қолданылады. Тиімді пайыздық мөлшерлеме - бұл қаржылық міндеттемені өтеуге дейін күтілетін мерзімге (егер қолданылса) немесе оны есепке қабылдау кезіне дейін баланстық құнға дейінгі қысқа мерзімдегі күтілетін келешектегі ақшалай төлемдерді (соның ішінде пайыздың тиімді мөлшерлемесінің ажыратылмас бөлігі болып табылатын қарыз құралы бойынша барлық алынған немесе келісілген төлемдер, келісімді рәсімдеу бойынша шығындар және басқа сыйақылар немесе дисконттар) дисконттау мөлшерлемесі.

Қаржылық міндеттемелерді тануды тоқтату

Қор қаржылық міндеттемелерді олар бойынша талап ету мерзімі жойылғанда немесе өткен кезде, оларды өтеу кезінде ғана тануды тоқтатады. Қолданыстағы қаржылық міндеттеме кредитор алдында айтарлықтай басқа жағдайда басқа міндеттемеге ауыстырылса, немесе қолданыстағы міндеттеме ережелері айтарлықтай өзгерсе, онда осындай ауыстыру немесе өзгерту бастапқы міндеттемені шығысқа шығару және жаңа міндеттемені тану ретінде ескеріледі. Тану тоқтатылған қаржылық міндеттеменің баланстық құны және сыйақымен төленуге тиесілі немесе төленген құн арасындағы айырмашылық пайда немесе шығында танылады.

Ақшалай қаражат және оның баламалары

